



ШЕШІМ

29.03.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 170/20-VIII

№

город Астана

**«Астана қаласының аумағында
жануарларды ұстау қағидалары
туралы» Астана қаласы мәслихатының
2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 449/62-V шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласының аумағында жануарларды ұстау қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 449/62-V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 998 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Астана қаласының аумағында жануарларды ұстау қағидаларындағы 4-тармақтың 1), 3), 4), 5), 9), 10) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

«1) жануарлар – омыртқалы жануарлар;

3) үй жануарлары (компаньон жануарлар) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;

4) жабайы жануарлар – жабайы табиғат табиғи мекендеу ортасы болып табылатын, оның ішінде еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар;

5) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;

9) ветеринариялық паспорт – электрондық құжат түрінде берілетін, уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат, онда: жануарларды есепке алу мақсатында жануардың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы (туған күні), жеке нөмірі көрсетіледі;

10) ветеринариялық іс-шаралар – жануарлар ауруларының профилактикасын, оларды емдеуді немесе диагностикасын қоса алғанда, олардың пайда болуын, таралуын болғызбауға немесе оларды жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жұқтырған жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға;

жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлар мен адамның денсаулығын жұқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қоса алғанда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп және жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық рәсімдер кешені;».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов